

## Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ РЕСЕЙГЕ БОДАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

**Берікбосынова М.Ү., Өтениязов С.К.**

*Данная статья захватывает отношение Валиханова в процессе добровольного соединения Казахов к России, и он не скрывал свое сомнение в правдивости исторических действий. Он никогда не видел исторического письма Абулхаир хана в оригинале. В 1864 году он написал, что Средний жуз являлся частью Российской империи в течение 40 лет и доказал свое сомнение в соединении Казахов к России в XVIII веке.*

*This article touches upon a great scientist valikhanov's relation to the process of voluntary joining Kazakh people Russia and he didn't conceal his doubt in the truthfulness of the historical act. He had never seen Abulkhair khan's original historic letter. In 1864 he wrote that middle thus had been in the part of Russian empire for years and proved the doubt in joining Kazakh people to Russia in XVIII century.*

Ш.Ш.Уәлихановқа өзінің аз да болса бір ғасырға тең ғұмырында Қазақстанның Ресейге бодан болуы тарихын жазу тапсырылған жоқ. Оған Сібір тарихын, Қазақ елінің тарихын, сондай-ақ, Қырғыз елі мен Қашғар елінің географиясын, тарихын, этнографиясын, экономикалық жағдайын жан-жақты, комплексті түрде зерттеу тапсырылған болатын. Алайда оны қазақ елінің Ресейге отар болуы және ол өмір сүрген ХІХ ғасырдың орта шеніндегі аса ауыр жағдайы көп толғандырды. Сондықтан ол осынау аса күрделі, аса көкейкесті мәселені түбегейлі зерттей алмай кетті...

Әрине, Шоқан секілді ірі зерттеуші Қазақстанның өз еркімен Ресей отары болды – дегенге және – оған мұрындық болған қазақ хандары Әбілхайыр, Әбілмәмбет және Абылай сұлтан – деп жазылғанға сене қоюы оңай емес еді. Дегенмен бұрынғы зерттеушілерді соның ішінде левшин секілді тарихшыларды қайталап: «В 1732 г. Казахские ханы Малой орды Абулхаир и Средней орды Самеке просят русского подданства...» /1/ – деп өзінің блокнотына жазыпты. 1738 жылы Әбілхайыр Ресейге ант берді деген жалған документ туралы ештеңе айтпаса да, 1940 жылғы Әбілмәмбет пен Абылайдың Ресейге ант берді деген документ туралы: «Как бы то ни было, в 1739 году мы находим его (Аблая) самым сильным из владельцев Средней орды, и русское правительство по преимуществу сносится с Аблаем и братом его, Султанбеком, потому, что ностящий хан, по свидетельству всех русских, посылавшихся в орду в то время, ничего не значил»... /2/ – деп жазғанына қарағанда 28 жастағы жас жігіт Абылайды орыстар Әбілмәмбет ханға қарсы қоя білген... Кезінде Қайыпты да Тәукеге қарсы қойып екеуін арыз қылып, және оны хандықтан дәмелендіріп арандатқан Ресей еді. Ақыры Қайып «самозванец» хан болып жүріп 1718 жылы Орта жүздегі өз бақталастарының қолынан қаза тапты.

Жоғарыда келтірілген Шоқан сөйлемдеріндегі 1739 жылы Абылай ханның «самым сильным» дегені әрине шындыққа келмейді. Жалпы Абылай барлық документтерде 1740 жылы «Ресейге ант берген...» мәліметтен еш жерде аты жазылмаған.

Сондай-ақ, Шоқан Абылайдың Орта жүз ханы болып 1731 жылы сайлануы туралы: «После смерти Абульмамета народ единогласно избрал его в ханы, как более достойного из всех своих султанов, помимо наследственных прав, которые имели, по казахским законам, дети Абульмамета» /3/ – деп нақты оқиғаны жазған еді... Алайда осы күнге дейін Абылайды бүкіл қазақтың ханы болды – деп көз көрекі тарихымызды бұрмалайтындардан арылмай-ақ қойдық.

Әрине, Шоқан 1730 жылғы Әбілхайырдың, және басқалардың Ресейге бодан болу үшін өтініп жазған хаттарын көрген жоқ. Олардың жалған хат екеніне күдіктенсе де, мойындауға мәжбүр болған еді. Шоқан түгілі осы мәселені арнайы зерттеген (1871 жылдан кейін) И.Крафт секілді ғалымдардың өзі шындыққа көз жеткізе алмай кеткен еді. Дегенмен, И.Крафт Қазақ жүздерінің Ресейге өз еркімен қосылды дегеннің жалған екенін дәлелдесе де, 1730 жылғы Әбілхайырдың хатының шындығын біле алмай кеткен еді. Себебі, ол да, басқалар сияқты Әбілхайыр хатының түпнұсқасын көрмей, тек орысша аудармасын ғана көрген болатын. Сондықтан көптеген зерттеушілер, және алаштың ардагер азаматтарының өзі шындыққа көздері жетпегендіктен соңғы жылдарға дейін Әбілхайырды нақақтан айыптап келді...

Осынау хаттың түпнұсқасын көріп шындыққа көз жеткізудің сәті түсті, тек Кеңес Одағы ыдыраған соң, 9 жылдан кейін...

Сол тарихи хатта бодандық туралы әлде Ресейге қосылу туралы ештеңе де жоқ, ондай әңгіменің болуы да мүмкін емес еді. Себебі, 1709 жылдан бері Әбілхайыр хан болып басқарған Кіші жүз елі өз шекарасын қорғап Ресеймен 150 жыл бойы соғысқан еді. Сол соғыстың соңғы 30 жылын (1730 жылға дейін) Әбілхайыр өзі басқарды. Сондай адам Ресейге бас иіп бодан болуы әрине мүмкін емес. Себебі, Ресей бодандығындағы туысқан башқұрт халқының жағдайын Әбілхайыр өте жақсы білетін еді... Сол хаттың мазмұны Ресей қоластындағы туысқан башқұрттармен бұрынғы достық жағдайды орнату үшін ғана жазылған еді. Сол хатты алып кету үшін башқұрт өкілі Алдарбай келмегенде ондай хатты Әбілхайыр ешқашан жазбаған болар еді. Алдарбайды жіберіп отырған патша әкімдері болатын...

Алдарбайдың Әбілхайыр ордасына келуі өздігінен емес, оны осы мәселе үшін әдейі жіберген Ресей өкіметінің басшылары. Біз осы жерде кішкене шегініс жасап қазақ-башқұрт қатынасына шолу жасайық..

Татар мен башқұрт халықтарын XVI ғасырдың ортасында Иван Грозный жаулап алып, Ресей құрамына кіргізген еді. Осы екі халық Қыпшақ мәдениетінің жалғастырушылары және ежелден көрші аралас-құралас болса да екі түрлі халық, және екі түрлі тағдыры бар. Мысалы, башқұрт халқы XVIII ғасырдың ақырына дейін Ресей бұғауынан босану үшін қаншама рет ұлт-азаттық көтеріліске шықты. Олардың арасынан елін, жерін қорғау үшін көптеген халық батырлары шықты. Солардың ішінде біздің халықтың көп білетіні – Салават Юлаев, 1770 жылдардағы Пугачев көтерілісіне белсене қатысқандардың бірі...

Бірақ, татар елі ешқашан Ресей отарлығына қарсы күреспеген халық. Сондықтан олар патша өкіметіне өте сыйлы болды және басқа халықтарды отарлауға Ресейдің оң қолы бола білді. Тевкелов секілді татарлар Ресейдің дипломаттық қызметін жақсы жүргізу үшін қазақ еліне барғанда өзін

башқұртпын деп таныстыратын болған. Себебі, қазақтар башқұрттармен дос, сыйлас, тағдырлас халық...

Башқұрттардың Ресейге қарсы кезекті көтерілістерінің бірі 1707-09 жылдары болды. Соған көмектесуге Әбілхайыр батыр үш мың әскермен келді. Сонда башқұрт халқының күресі көп жеңіске жеткен себепті, аса ырза болған башқұрт елінің игі жақсылары Әбілхайырға – Біздің ханымыз бол – деп шын жүректен жалынған еді. Алайда, ол 1709 жылдың күзінде қазақ билерінің шақыртуымен Түркістан жаққа кетіп қалды да, Башқұрт көтерілісі жеңіліске ұшырады...

Қазақ билері Әбілхайырды текке шақыртпаған екен. Қазақ елі басшыларының сол жиналысында екі үлкен мәселе қаралды. Бірі Жоңғар шабуылына қарсы күш біріктіру болса, екіншісі Әбілхайырды Кіші жүз ханы етіп сайлады. Бұрын Кіші жүзде хан болған жоқ еді, орталық хан билейтін еді. Алайда, соңғы он жылда Ресей тарапынан Жайық казактарының шабуылы қатты күшейді. І Петр Еділ қалмақтарына Аюкені хан қойып және олардың тісіне дейін қаруландырып, Кіші жүз жеріне шабуылды үдеткелі 15 жылдан асып барады... Осынау қырғын соғыста қазақ жерін қызғытай қорғап, батырлығымен, жанкештілігімен және ұйымдастыру қабілетімен көзге түскен Әбілхайыр болатын... Сөйтіп, Әз-Жәнібектің Сүйік деген баласынан тараған ұрпағы Әбілхайыр алғаш рет Кіші жүздің ханы болды. Ол енді Кіші жүз жерін хан болып басқаратын және қорғайтын болды...

Кіші жүздің Ресеймен соғысы Әбілхайыр хан болған соң бір жүйеге келіп жақсы ұйымдастырылды...

1709 жылы қазақ жігіттері Сызранға бара жатқан орыс-казактар керуенін талады... 1711 жылы қазақтардың 16 мың әскері Текеге (Орал) астық алып бара жатқан орыс-казактардың керуенін талқандап, 300 жауынгерін тұтқынға алып Хиуаға апарып құлдыққа сатқан. 1713 жылы 800 жігіттен тұратын қазақ жасағы орыс-казактардың Самараға балық алып бара жатқан керуеніне шабуыл жасап, жауынгерлерін түгел қырып салған...

1714-1715 және 1716 жылдары қазақ жігіттері әлденеше рет казак-орыс отрядтарына соққы берген.

1718 жылы қазақтар мен қарақалпақтардың 20 мың әскері Теке (Орал) қаласын қоршайды. Ресеймен, яғни Самара жолымен қатынасын үзген бұл қала бір айдай қоршауда тұрды.

1719 жылы шілде айында Кіші жүз ханы Әбілхайыр 20 мың әскермен келіп Теке қаласын қоршайды. Осынау көп адам қырылған шайқаста Теке қаласы қазақтар қолына өтуден әрең қалды. Себебі, күз түсісімен Әбілхайыр қаланы қалдырып, Еділ қалмақтарына, яғни казак отрядтарының одақтастарына шабуыл жасайды.

1720 жылдың қыркүйек айында қазақ әскерімен орыс-казактарының арасында Самара өзенінің бойында қанды шайқас болды. Тұтқынға түскен 50 қазақ жігітін өлтіріп, «ерлік жасағаны үшін» атаман Никита Бородин Ресей патшасы І Петрдің мақтау грамотасымен марапатталды...

1721 жылы орыс-казактармен қалмақтардың атаман Балмашнов басқарған тобы Ойыл өзеніне дейін шабуыл жасап, көп тұтқындар мен мал айдап кеткен.

1722 жылдың қаңтар айында 300 қазақ сарбаздары қарымта қайтару үшін орыс-казактардың Шаған өзені жанындағы қысқы станциясына шабуыл жасап,

70 казак-орысты айдап әкетеді, ақпан айында казак-орыстардың Теке қаласы жанындағы жылқы табынын айдап кетіп, оларды түгелдей жаяу қалдырды... Сондықтан Орал Казачи войскасы І Петрдің Персия жорығына қатыса алмай қалды.

1723 жылы жоңғарлар шабуыл жасап Қазақ елінің басына ауыр күн туғанда, яғни «Ақтабан шұбырынды» басталғанда батыстан шабуыл жасауға дайын отырған Еділ қалмақтарына Әбілхайыр шабуыл жасап көп адамын қырып жіберді. Сонда олардың ханы Аюке қаза болды (1724). Сол 1723-1724 жылдары Теке қаласына Әбілхайыр бірнеше рет шүйілді... Сол кезде орыс-казактар мен қалмақтардың тісіне дейін қаруланған отрядтарымен қазақ әскері Утва, Самара Шаған өзендері бойында талай рет бетпе бет келіп, қырғын шайқастар болды... Иван Тимофеев, Иван Логинов, Никита Бородин бастаған казак-орыс отрядтары көп шығынға ұшырады. Орыс-казактардан 170 адам қаза тапты, көп адам жаралы болды, бірнеше жауынгері тұтқындалды... 1725 жылы тұтқындар алмастырылды... Қорыта айтқанда, Әбілхайыр Ресеймен 1748 жылы өлгенінше соғысып өтті... оны Ресейге бодан болды деп жалған айтылды... Оның Ресей патшасына 1730 жылы жазған тарихи хатында бодандық туралы бір сөз жоқ, онда тек башқұрт халқымен арадағы үзіліп кеткен достықты қайта орнату болатын. Алайда, тарихшылар сол хаттың орысша аудармасын пайдаланып келді... Сондай-ақ Әбілхайыр ешқашан Ресейге бодан болу үшін ант берген жоқ.

Сондай-ақ Әбілхайыр қазақтың үш жүзінің әскерін бастап талай рет жоңғарлармен соғысты... 1726 жылы Ордабасыдағы билер кеңесінде қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып сайланды. Бұланты өзенінің жағасындағы (1728), Аңырақайдағы (1729) жоңғарларды талқандаған соғыстарда қолбасшылық қабілеті ерекше көрінді...

Осылай башқұрттар мен қазақтар арасындағы тағдырлас достық қатынастар жалғасып жатты. Себебі, екеуінің де қарсыласы, яғни ата жауы Ресей болатын. Сондықтан Ресей басшылары қалай болмасын екі халықтың достығын бұзу үшін неше түрлі айла-шарғыны көп жылдар бойы жасады. Мысалы, түнде барып казак отрядтары башқұрт ауылын шабады, кісілерін өлтіреді және малын айдап кетеді де жаланы қазақтарға жабады... Қысқасын айтқанда, 1730 жылға дейін қазақ пен башқұрттың арасындағы достық бұзылған еді. Әбілхайырдың жанына батқаны да сол еді. Ал енді осы достықты қалпына келтіру үшін патша ағзамға хат жазу керек – деп башқұрт Алдарбай айтып келгенде, Әбілхайыр алданып қалған еді. Бұл 1730 жылдың маусым (июнь) айы еді... Ресейге керегі де сол еді. Хат жазды деген факті бар, оның түпнұсқасын ешкімге көрсетпей, аудармасымен келешекте Әбілхайыр өлген соң оның балаларын және талай қазақ төресін алдауға болады...

Башқұрттармен достық қатынасты Әбілхайыр жалғастыра берді. 1736 жылы башқұрт көтерілісі бұрқ еткен кезде, патша өкіметіне қазақтар мен башқұрттарды және бір рет жауластырмақшы болып көп ақша бөлді. 1738 жылдың ақпан айында Татищев сонда «Әрбір башқұрттың басын әкелген қазаққа 60 рубльден ақша беріледі. Кек алатын және байып қалатын жағдайыңыз бар» /4/ - деп қазақ еліне жар салды. Кейбір қылмысты істерді башқұрттан көріп жүрген қазақтар осыны пайдаланып кек алмақшы және ақша

таппақшы болған еді, бірақ олардың бірде бірін Әбілхайыр жібермеді, керісінше ол бұрынғыдай башқұрт халқына көмек берді.

Сонымен, осы уақытқа дейін орысша аудармасы арқылы 1731 жылдан бері Қазақ елінің Кіші жүзі мен Орта жүздің бір бөлегі Ресейдің боданы болды – деген жалған ұғым да келмеске кетті. Әбілхайыр хатының түпнұсқасын көрмесе де, кезінде бұған талай ғалымдар күдікпен қарағаны рас. Мысалы, белгілі зерттеуші В.Я.Басин: «...широко употребляемый термин о подданстве казахов... правомерен лишь на завершающем этапе присоединения Казахстана к России» /5/ - деп қазақ елінің түгелдей отары болғаны 1865 жылы Шымкент пен Ташкентті алған кездерді көрсетеді. Шын мәнінде, өмір бойы Ресеймен соғысқан Кіші жүздің және оның әйгілі батыр ханы Әбілхайыр сынды тарихи тұлғаның ата жауы етегіне жармасуының ешқандай қисыны жоқ еді. Тарихи шындық оның 1748 жылы қаза тапқанынша Ресеймен соғысып өткенін көрсетеді. Өзі жалынып, болған адам осындай әрекет жасауы мүмкін емес. Біз де, бұрын осылай күдіктеніп келдік, ал оны түгелдей дәлелдеуге Әбілхайырдың «тарихи хатының» түпнұсқасын көргенде ғана қол жеткіздік...

Мысалы, Шоқан Әбілхайырға қатысты Сібір губерниялық канцеляриясының бір документінің көшірмесін алыпты.

«Номер 3. Указ Сибирской губернской канцелярии от 10 декабря 1739 г. (за номером 10659) в Верхне-Иртышскую крепость командующему, господину секунд-майору Нелюбому, дабы иметь предосторожность от киргиз-кайсаков, потому что оренбургский казак Измаил Обрязаков, бывший в Орде у Абульхаир-хана, сообщал, что Джанибек-батыр собирает войско, но куда идут, того не знал он, Обрязаков... Это сообщено в Сибирскую губернскую канцелярию полковником и воеводой Татищевым из Исецкой провинциальной канцелярии с произведением копии с указа канцелярии Оренбургской комиссии, порученной господину генерал-лейтенанту князю Урусову» /6/. Міне, осындай документтер Әбілхайырдың Ресеймен өлгенінше, яғни 1748 жылға дейін соғысқанын көрсетеді. Ресейге қолтығыңа ал – деп жалынған адамда сондай жағдай болуы мүмкін емес. Қорыта айтқанда, барлық тарихи оқиғалар оның Ресейге бодан болғанын теріске шығарады. Әдлгі Измаил Обрязаков деген татар. Ал, Урусов Василий-Адмиралтейство коллегиясының советнигі. Сол 1739 жылы В.Н.Татищевтің орнына (Начальник Оренбургской комиссии) тағайындалған еді. Жәнібек батыр – Кіші жүздегі белгілі батыр, Әбілхайырға жасынан көп қамқорлық жасаған тарихи тұлға және екі Жәнібек бар екенін ұмытпауымыз керек. Бірі Кіші жүздегі сұлтан Жәнібек, екіншісі Орта жүздегі арғын Шақшақұлы Жәнібек.

Шоқан жинаған және бір документте қазақтар мен башқұрттардың қайтадан мәмілеге келіп, достасып кетуінен қауіптенген Ресей үкіметі Верхне-Иртыш крепостының секунд-майоры Нелюбовқа «...чтобы киргиз-кайсаки, с башкирами не помирились...» деп қатаң ескертпесі сақталған /7/.

Міне, осындай тарихи шындықтың түбіне жете алмай кеткендердің бірі Ш.Ш.Уәлиханов болатын. Дегенмен, ол Орта жүздің Ресей отары болуы 1820 жылдардағы өз атасы Уәли хан өлгеннен соңғы кезең екенін жазып қалдырған. Дәл осындай пікірді сол заманда өмір сүрген К.Маркс пен Ф.Энгельс те айтқан болатын. Олар: «...до 30-х годов XIX в. ...власть России над тремя ордами или племенами киргизов оставалась чисто номинальной...» /8/ - деген болатын.

Ш.Ш.Уәлиханов 1863 жылы жазған зерттеуінде отарлық жағдайдағы қазақ елінің аса қиын проблемасының бірі билер институтының тағдыры туралы: «Если 40-летнее русское владычество, внесшее много совершенно новых элементов в общественную жизнь казахского народа, не имело никакого влияния на древней казахский суд биев, если суд этот мог устоять против неблагоприятных условий русского законодательства (например, закона 1854 года), ясно, что он вполне удовлетворяет настоящему развитию казахского народа.» /9/ - деп суреттеп Орта жүздің отар болғанына 40 жыл болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, ол мұсылманшылықпен айналысып, қазақ елін алдап, патша саясатын жүргізуші татардың дүмше моллаларына шек қою керектігін айтып көптеген өтініштер жазады /10/.

Ш.Ш.Уәлиханов қазақ хандарының жерленген жерлері мен басына тұрғызылған мавзолейлер туралы жазған еңбегінде Әбілхайыр моласына көп көңіл бөлгендігі көрінеді /11/. Қалай болғанда да Ш.Ш.Уәлиханов басқа зерттеушілерге қарағанда Әбілхайырдың және басқа хандардың Ресейге отар болғаны туралы нақтылай ештеңе айтпаған. Соған қарағанда оның күдігі біздікінен гөрі әлдеқайда көп болғанын көрсетеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.1. А.,1961. С.604.
2. Көрсетілген шығарма. С.427.
3. Көрсетілген шығарма. С.430.
4. Олкот М.Б. Әбілхайыр хан. // Аруана, 1994, 23-қыркүйек.
5. Басин В.Я. Россия и казахские ханства XVI-XVIII вв. А.,1978. С.250.
6. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.3. А.,1964. С.267.
7. Сол томда, 267-268 беттер.
8. Маркс К. и Энгельс Ф. Т.12. С.615.
9. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.1. А.,1961. С.506.
10. Сол кітапта, С.528.
11. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.3. А.,1964. С.31.